

## Жалға беру туралы шарт № 1

Қызылорда қаласы

12 наурыз 2025 жыл

«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, директор Ж.А. Калмакова, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан, және «Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, директор Әбләзім Әбдіғабит, бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын, екінші жағынан, бұдан әрі Тараптар деп аталатын, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

### 1. Шарттың мәні.

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға 12.03.2025ж. - 31.12.2025ж. аралығында Жалға берушінің Симуляциялық орталықта Academix 3D тренажермен (виртуалды пациенттерді, ондаған клиникалық жағдайларды, жүздеген сценарий мен теориялық курстарды қамту) жабдықталған кабинетті (бұдан әрі - мүлік) Жалға алушының медициналық қызметкерлерді тәжірибелік іс-машықтығын және кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін уақытша қабылдау-тапсыру актісі негізінде пайдалануға береді, ал Жалға алушы оны қабылдап алып, Жалға берушіге ай сайынғы жалдау ақысын төлеуге міндеттенеді.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 2.1. Жалға берушінің құқықтары:

- 1) жалдау ақысының уақтылы және толық аударылуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 2) жалдау ақысының уақтылы енгізілмегені үшін өсімпұл есептеуге;
- 3) тараптардың келісуі бойынша шарттың мерзімін ұзартуға, шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;
- 4) объектінің мақсатты пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыруға құқығы бар;
- 5) мүлікке зиян келтіргені үшін Жалға алушыдан айыппұл төлеуді талап етуге құқығы бар.

#### 2.2. Жалға алушының құқықтары:

- 1) мүлікті уақытылы беруге талап етуге;
- 2) жалға берушіге шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

#### 2.3. Жалға беруші міндетті:

- 1) шартта белгіленген тәртіппен жалға алушының мүлікті иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;
- 2) шарт талаптарын немесе жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда, бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күндер бұрын жалға алушыға хабарлауға;

## 7. Ерекше жағдайлар

7.1. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар қазақ тілде екі данада жасалды.

7.2. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қоюы жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

7.3. Осы шарттың қолданылу мерзімі осы шарттың 1.1. тармағына сәйкес, ал өзара есеп айырысуға қатысты міндеттемелер толық орындалғанға дейін.

7.4 Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

## 8. Тараптардың заңды мекен - жайлары мен банктік деректемелері

### Жалға беруші

«Қызылорда  
медициналық жоғары колледж»  
ШЖҚ КМК  
Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев  
көшесі, 18  
БСН: 990 140 000 969  
Рас.счет  
/KZ80914152203KZ000BA/  
БИК /BRKEKZKA/  
АО "Bereke Bank"

Директор:  
Ж.А. Қалмакова



### Жалға алушы

«Облыстық көпбейінді балалар  
ауруханасы» ШЖҚ КМК  
Қызылорда қаласы, Тасбөгет  
ауылы, Амангелді 5Г  
БСН: 020140001897  
ИИК KZ71601A201000299161  
/основной счет/  
ИИК KZKZ 91601A201000339541  
/спецсчет/АО "Народный Банк  
Казахстана"

Директор:  
Әбләзім Әбдіғабит

